

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді

Қатысқандар - 57

29.02.2024

Күн тәртібінде:

1. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу

А.С.Назиков- мектеп директоры

1. Тыңдалды: А.С.Назиков- мектеп директоры:

- «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің жоспарына сай «№37 орта мектебі» КММ 2024 жылдың қыркүйек айында мемлекеттік аттестаттау өткізуге жоспарланған. «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің 28.02.2024 №18-2-47061450 хаты және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 28.02.2024 № 208 хаты негізінде оқушылардың жазғы демалыста болуы себепті 4,9 сынып оқушыларынан оқыту нәтижелерін бағалау (компьютерлік тест) мемлекеттік аттестация қыркүйек айына жоспарланған мектептерден наурыз айында өтетіндігін хабарлаған.

ҚР Оқу ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 27.12.2022 №12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемеліу ұсынымдарды бекіту туралы нұсқаулыққа сәйкес 4,9 сыныптардың оқыту нәтижелерін бағалау өзін -өзі бағалау процесі барысында өткізіледі, сол себепті өзін-өзі бағалау өткізудің бұйрығын оқыту нәтижелерін бағалау наурыз айына жоспарланған мектептерде наурыз айының 1-не шығаруды ұсынған. "Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемеліу ұсынымдарға сәйкес мектептің өзін-өзі бағалауы туралы" бұйрық шыққаннан кейін бақылау департаментіне 4,9 сынып оқушыларының тізімін ұсыну керек. Сонымен қатар сауалнама жүргізу үшін 4,9 сынып оқушыларының, ата-аналарының, мектеп педагогтерінің мектеп алды даярлық сынып ата-аналарының тізімі ұсынылды.

Компьютерлік тестілеуді өткізу кезінде олардың қызметкерлерінің бақылаушы ретінде қатысуы үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомоствосының аумақтық бөлімшелеріне өтініш хат жолданады.

Мектепте өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру үшін комиссия құрылады. Комиссия мүшелері бағалау өлшемшарттарына сәйкес алдыңғы екі оқу жылын және ағымдағы оқу жылын бағалайтын болады.

Мектептің өзін-өзі бағалау материалдары мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын интернет ресурстарына орналастырылу керек.

Мектеп бойынша өзін-өзі бағалауды өткізу мақсатында төмендегідей құрамда комиссия құрылады:

Комиссия төрағасы: 1. А.С.Назиков- мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

1. Ж.К.Жаманова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Ж.Ж.Ахметова - директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
3. А.А.Амантурлиева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. Г.К.Балмағамбет - директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары
5. Г.Қ.Мұханғалиева - мектеп психологі

Аталған комиссия мүшелеріне 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша барлық өлшемшарт негізінде бағалау жүргізу міндеттеледі.

Қаулы етті:

- 1.1 Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу бойынша комиссия құрылсын.
- 1.2. Наурыз айының 01-нен бастап мектепте өзін-өзі бағалау өткізілсін.



Төраға
Хатшы

Назиков Ардақ Сырымұлы
Жумагулова Гульфира Муратовна